

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАНКТІК ЗАҢНАМАСЫ ЖӘНЕ БАНКТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Жанғазиева А.Н.

В данной статье автор излагает некоторые проблемы банковского права, в частности в области банковских правоотношении и банковского законодательства.

This article named: Some aspects of the banking relations and banking legislation. This article about the banking relations and banking system of Republic of Kazakhstan.

Бүгінде Қазақстан Республикасындағы көптеген экономикалық-қаржылық және құқықтық құбылыстардың ішінен айрықша қарқынмен дамып жатқан банк жүйесінің негізі - банктік құқық қоғамдық - мемлекеттік, корпоративтік - жекеше және халықаралық тиісті талаптарға айтарлықтай бейімделген құқық саласы ретінде ерекшеленуде.

Қазақстан Республикасының қазіргі банк жүйесінің нарықтық даму үрдісіне (тенденцияларына) сай ұдайы өзгерістерге ұшырауы, оның жұмыс істеуі негізіндегі банктік құқықтың теориялық және практикалық мәселелерін, сондай-ақ түрлі банктік-құқықтық қатынастар жүйесінің мәні мен маңызын танып - білуге деген қызығушылықты арттырып отыр.

Нарықтық даму жағдайындағы қоғам өмірінің әр алуан әлеуметтік-экономикалық мүдделерінің түйісетін жері банктер жұмыс істейтін банк жүйесінің ауқымы болғандықтан, сондай-ақ осы жүйе арқылы мемлекеттің қаржы, ақша - несие, оның ішінде валюталық саясатын іске асыру мақсатында түрлі банктік операциялар жүргізілетіндіктен банктер мен олардың қызмет аялары банктік құқық құзырымен қамтылады.

Бүгінде қоғам мен мемлекеттің экономикалық-қаржылық мүдделерін қамтамасыз етуді көздей отырып, Қазақстан Ұлттық Банкі, Қазақстанның Даму банкі, Қазақстан Республикасының тұрғын-үй құрылысы жинақ банкі жұмыс істеуде. Мысалы, Қазақстан Ұлттық Банкі ақша айналысы, валюталық реттеу, кредиттеу және есеп айырысу саласындағы мемлекеттің бірыңғай саясатын жүргізу, сондай-ақ республикалық бюджет мүдделерін және өз шығынын ақша қаражаттарымен қамтамасыз ету мақсатында әр түрлі банктік операцияларды жүзеге асырады./1/

Коммерциялық банктер қолма-қол ақшасыз айналымды және қолма-қол ақша айналысын ұйымдастыру, несиелеуге қажетті қаражаттарды тарту-жұмылдыру, негізгі құралдарға байланысты күрделі салымдарды қаржыландыру, тұрғылықты халықтың ақша қаражаттарын жинақтауды ұйымдастыру, бағалы қағаздар, вексельдер және чектер шығару, уәкілетті банктер ретінде түрлі валюталық операциялар жүргізу сияқты және т.б. қызметтерін тиісті заңнамалық актілер, заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер мен лицензиялар негізінде жүзеге асырады. Банктер өз қызметтері (операциялары) барысында барынша пайда табуға атсалысады. Банктік қызметтің затына ақшалар, валюталық құндылықтар және өзге де қаржылық құралдар жатады. Банктік операциялар мен мәмілелерді тиісті заңнамалық актілер негізінде және осы заңнамаларға сәйкес берілген лицензияға сай жүргізетін коммерциялық ұйым, заң жүзінде өкілеттігі белгіленген заңды тұлға

- банк түрлі банктік құқықтық қатынастардың тұрақты субъектісі болып табылады.

Банктік қызметтің және банк жүйесінің айтарлықтай ерекшеленуі және жаңаша дамуы, ұлттық қаржы рыногының, оның ішінде ақша, алтын және валюта рыноктарының халықаралық стандарттарға сай құрылуы, коммерциялық банктердің операциялық қызметтері ауқымының ұлғаюы, қоғамдық банктік қатынастардағы мемлекет пен жеке меншік-корпоративтік субъектілері мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері сондай-ақ т.б. экономикалық – басқарушы мән-жайлар банктік құқықтың дербес құқық саласы ретінде жаңадан қалыптасуын негіздеді. Демек банктік құқықтың дербес құқық саласы ретінде жаңадан құрылуы банк жүйесінің ел экономикасындағы рөлі мен маңызына, қоғам мен мемлекеттің экономикалық-қаржылық мүдделеріне, мемлекеттің қаржы, ақша-кредит (оның ішінде валюталық) саясаты ұстанымдарына, нақтылы айқындалған құқықтық реттеу пәніне, айрықша құқықтық реттеу әдісіне, тиісті заңнамалық актілерде бекітілген ереже-принциптеріне, арнайы заңнамалық және заңға тәуелді нормативтік банктік құқықтық актілерден тұратын қайнар көздеріне байланысты ұтымды көрініс тауып отыр.

Банктік құқық мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атсалысады және нарықтық үлгідегі банк жүйесінің құқықтық негізін қалыптастырады. Банктік құқық экономиканың банктік секторындағы банктік іс пен банктік қызметті және олардың барысында туындайтын қоғамдық банктік қатынастарды реттейді. Банктік-құқықтық реттеу ауқымындағы банктік қызмет барынша пайда табуға бағытталған, тиісті заңнамалық акті немесе лицензия негізінде, жүйелі сипатта банктер жүзеге асыратын операциялар мен мәмілелер болып табылады. Банк жүйесінде, банктік қызмет (операциялар) барысында туындайтын қоғамдық банктік қатынастар банктік, қаржылық, әкімшілік, азаматтық, валюталық, кедендік және т.б. қатынастар сипатында көрініс табады. Осы орайда банктік құқық императивтік және диспозитивтік құқықтық реттеу әдістерін, сондай-ақ осындай әдістерді тиісінше ұштастыру арқылы кешенді құқықтық реттеу әдісін пайдаланады.

Банктік құқықтың кешенді құқықтық реттеу әдісі банк жүйесінің жұмыс істеуі және банктік операциялардың жүзеге асырылуы барысында туындайтын аралас қоғамдық банктік (қаржылық, әкімшілік, азаматтық, валюталық және т.б.) қатынастарды реттейді. Кешенді құқық саласы банктік құқық біртұтас құқықтық құрылым болып табылады. Демек, банктік құқық Қазақстан Республикасы экономикасының банктік секторындағы Қазақстан Ұлттық Банкі, Қазақстанның Даму Банкі және коммерциялық банктер тарапынан қоғам мен мемлекеттің жеке меншік-корпоративтік шаруашылық субъектілерінің кредиттік, ақшалай, инвестициялық-қаржылық мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында, экономикалық - жанама және әкімшілік - тікелей мемлекеттік басқару (реттеу) ауқымында ұйымдастырушы-нәтижелелеуші сипатта тоқтаусыз, ұдайы әрі үзбей жүзеге асырылатын банктік операциялар (мен өзге де банктік іс-әрекеттер) барысында туындайтын қоғамдық банктік қатынастарды халықаралық банктік құқық принциптері мен ережелерін есепке ала отырып реттейтін кешенді құқықтық құрылым болып табылады.

Банктік құқықтың құқықтық реттеу пәнін банк жүйесін құру және оның тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету, банктік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру, банктердің және басқа да қатысушылардың құқықтық мәртебесін белгілеу, банктердің қаржыларын мемлекеттік реттеу, банктік қадағалау – бақылау жүргізу, банктік құқық бұзушылық фактілерін анықтау және ол үшін заңи жауапкершілік шарасын қолдану барысында туындайтын қоғамдық валюталық қатынастар құрайды.

Банктік құқықтың пәніне жататын қоғамдық қатынастар өздеріне тән мынадай белгілерімен ерекшеленеді:

1) олар Қазақстан Ұлттық Банкі мен Қазақстанның Даму Банкі жүзеге асыратын банктік операциялардың және мәмілелердің барысында туындайды;

2) олар коммерциялық банктердің лицензияланған операциялары мен мәмілелеріне байланысты туындайды;

3) олар жүйелі, мақсатты әрі тұрақты сипатта болады;

4) олар банк жүйесін және банктік қызметті мемлекеттік реттеу барысында туындайды;

5) олар мемлекеттің қаржы, ақша-кредит және инвестициялық саясаты ұстанымдарын іске асыру барысында туындайды;

6) олар мемлекеттік монетарлық билік органы Қазақстан Ұлттық Банкінің кредиттік-қаржылық және әкімшілік қызметінің нәтижесінде туындайды;

7) олар Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі Қазақстан Республикасы Агенттігінің коммерциялық банктердің қызметін ұйымдастыруы, бақылауы және лицензиялауы барысында туындайды;

8) олар Қазақстан Ұлттық Банкінің, Қазақстанның Даму банкінің мемлекеттік қаржылық ресурстарын қалыптастыруға және бөлуге, мемлекеттің алтын-валюта активін қалыптастыруға байланысты туындайды;

9) олардың объектілеріне ақшалар, бағалы қағаздар, валюталық құндылықтар және банктік құпия режимімен қамтылған ақпарат жатады;

10) олардың ішінен банктік шот ашу, есеп айырысу, депозит тарту, инвестициялау, банктік кредиттеу операцияларына және бағалы қағаздарды эмиссиялауға байланысты қатынастар ерекше көрініс табады;

11) олардың жүйесі банктік және өзге де заңнамалық актілерге, лицензияларға, түрлі банктік шарт нысандарына, сондай-ақ халықаралық банктік стандарт ережелеріне сай жүргізілген банктік операцияларға сәйкес қалыптасады;

12) олар қаржылық инструменттер айналымынан пайда алу барысында туындайды;

13) олар негізінен сенімгерлік сипатта болады.

Қазіргі нарықтық даму кезеңінде қандай болмасын заңгердің кәсіби дайындығының міндетті элементі банктік құқықты жеткілікті көлемде білу-меңгеру болып табылады. Осы орайда банктік құқық дербес оқу пәні, яғни жоғары заң оқу орындарында құқық саласы банктік құқық және банктік заңнама жөнінде дәріс беру (жүргізу) пәні ретінде көрініс табады.

Банктік заңнама мемлекеттік банктік менеджмент және банктердің банктік қызметі аясында туындайтын қоғамдық банктік қатынастарды реттейтін заңнамалық актілердің жиынтығы болып табылады. Банктік заңнама тиісті банктердің, банк жүйесінің және банктік құқық институттарының

нормативтік құқықтық базасын құрайтын, банктік қызметті және оның аясындағы қоғамдық банктік қатынастарды регламенттейтін, мемлекеттің қаржы, ақша-кредит, валюталық, сыртқы экономикалық саясаты ұстанымдарын іске асыру мақсатында жүргізілетін мемлекеттің монетарлық билігінің және мемлекеттің банктік менеджментінің нормативтік құқықтық негізін қалыптастыратын банктік заңнамалық актілер - арнайы және жалпы сипатты заңдардың жиынтығынан тұрады./2/

Осындай арнайы банктік заңдар қатарына: «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Қазақстан Даму Банкі туралы», «Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ банкі туралы» Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері жатады.

Банктік заңнамалық актілер өздеріне тән мынадай белгілерімен ерекшеленеді:

1) банктер, банктік қызмет, банк жүйесі, сондай-ақ оларды мемлекеттік реттеу туралы заңдар тек заң шығарушы билік органдары тарапынан қабылданады;

2) олар әрдайым ерекше іс жүргізу нормаларын сақтай отырып қабылданады және жоғары заңи күшке ие болады;

3) олар тек мемлекеттің монетарлық билігі мен банктік құқығы ауқымындағы қоғамдық банктік қатынастарды ғана реттейді;

4) олар заңға тәуелді нормативтік банктік құқықтық актілерді қабылдауға қажетті бастапқы сипаттағы нормалардан тұрады.

Банк жүйесі мен банктердің жұмыс істеу режиміне, қоғамдық банктік қатынастардың жекелеген тұстарына қатысы бар заңнамалық актілер ретінде: Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, «Ақша төлемі мен аударымы туралы», «Лицензиялау туралы», «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы», «Бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы» және т.б. Қазақстан Республикасының заңдары көрініс табады.

Банктік заңнамалық актілер мемлекеттің банктік менеджменті және ел экономикасының банктік секторы (банк жүйесі) ауқымында жүзеге асырылатын банктік қызметтің құқықтық нысаны болып саналады.

«Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» 2003 жылғы шілденің 4-індегі Қазақстан Республикасының заңы Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды Мемлекеттік реттеу және қадағалау барысында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, қаржылық қызмет көрсету және осы қызметті тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу жөнінде жағдайлар жасауға, банк жүйесіндегі адал бәсекелестікті дамытуға және монополизмді шектеуге бағытталған. Осы заң бойынша банктік қызмет қаржылық қызмет көрсету түріне жатады.

«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы маусымның 13-індегі Қазақстан Республикасының заңы Қазақстан Республикасының аумағында (валюталық рынокта) валюталық құндылықтармен жасалатын түрлі валюталық операцияларды жүзеге асыратын

резидент және резидент емес банктердің қызметіне, уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың түрлі операцияларына байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді, сондай-ақ резидент және резидент емес банк жүргізетін валюталық операцияларды жүзеге асыру принциптерін белгілейді, валюталық рынокты валюталық реттеу және валюталық бақылау мақсатын, міндеттері мен тәртібін айқындайды.

Қазақстан Республикасының егемен мемлекет ретінде дамуы, оның экономикалық қауіпсіздігі, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің үзбей және тиімді жұмыс істеуі елдің стратегиялық маңызы бар банк жүйесінің жай – күйі мен тұрақтылығына әрі орнықтылығын қамтамасыз ету мәселелеріне тікелей байланысты болады.

Қазақстан Республикасының екі деңгейлі банк жүйесі бар. /3/ Қазақстан Республикасы банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейі егемен Қазақстанның орталық банкі болып табылатын Қазақстан Ұлттық Банкінен тұрады. Мемлекеттің монетарлық билігінің және мемлекеттік банктік менеджменттің басты органы Қазақстан Ұлттық Банкі өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының экономикалық-қаржылық мүддесін тиісінше қамтамасыз етуге атсалысады. Қоғам мен мемлекеттің мүддесіне сай инвестициялық-қаржылық және кредиттік құзыреті бар Қазақстанның Даму Банкі өзінің ерекше құқықтық мәртебесіне орай деңгей аралық мемлекеттік банк ретінде көрініс тапқан.

Қазақстан Республикасы банк жүйесінің төменгі (екінші) деңгейін:

1. мемлекетаралық банктер;
2. Қазақстан Республикасының резидент банктері (заңды тұлғалары - коммерциялық ұйымдары);
3. Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктер;
4. шетелдік қатысуы бар Қазақстан Республикасының резидент банкі - аралас капиталы бар банктер құрайды.

Қазақстан Республикасы банк жүйесінің нормативтік құқықтық негізін құрайтын банктік заңнамалық актілердің, сондай-ақ банк секторына қатысы бар өзге де заңнамалық актілердің нормаларының өзара генетикалық, функционалдық және құрылымдық байланыстары банктік заңнаманың банк жүйесі ауқымында жүзеге асырылатын банктік қызмет (банктік операция, мәміле, іс-әрекет) барысында туындайтын қоғамдық банктік қатынастарды жан-жақты реттей алатынын көрсетеді. Банк жүйесінде жүргізілетін әр алуан банктік қызметтің ұйымдастырылу ерекшелігі және ресурстық - ұйымдастыру негізі банк жүйесінің экономикалық, сондай-ақ заңнамалық негізін құру процесінде айқындалады.

Қазақстан Республикасы банк жүйесінің құрылуы өзіне тән біртұтастық және құрылымдық ерекшеліктерге байланысты болады. Осындай иерархиялық біртұтастық және құрылымдық сипаты-мәні банк жүйесінің тиісінше қалыптасуына септігін тигізеді. Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы банк жүйесі өз ауқымындағы мемлекеттік банктік менеджмент мән-жайларымен ғана емес, сонымен бірге өзіндік (корпоративтік) басқаруға және ұйымдастыруға қабілеттілігімен ерекшеленеді. Сонымен Қазақстан

Республикасының бүгінгі банк жүйесінің сипаттамалық белгілері мынадай көрініс табады:

1. Қазақстан Республикасының банк жүйесі күрделі әлеуметтік жүйе тобына жатады;

2. Банк жүйесінің қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне сай жұмыс істеуін оның нормативтік құқықтық базасын құрайтын банктік заңнамалық актілер және заңға тәуелді нормативтік банктік құқықтық актілер, сондай-ақ халықаралық банктік келісімдер мен банктік стандарт ережелері қамтамасыз етеді;

3. Қазақстан Республикасының банк жүйесі мемлекеттік банктік менеджмент (мемлекеттік басқару-рестеу ықпалы) ауқымында жұмыс істейді;

4. Банк жүйесі Қазақстан Республикасы қаржы-кредит жүйесінің аса маңызды бір бөлігі болып саналады;

5. Қазақстан Республикасының банк жүйесі екі деңгейлі, иерархиялы, біртұтас және өзіндік ұйымдастырылуға қабілетті құрылым болып табылады;

6. Жоғарғы және төменгі деңгейлі банк жүйесі Қазақстан Ұлттық Банкінен, Қазақстанның Даму Банкінен, Қазақстан Республикасының тұрғын үй құрылысы жинақ банкінен, коммерциялық банктерден, мемлекетаралық банктерден, банктік инфрақұрылымнан және банктік рыноктан тұрады;

7. Банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейіндегі Қазақстан Ұлттық Банкі белгілі бір дәреже - көлемде тиісті мемлекеттік билік органдарының ықпалына тәуелсіз, кредиттік-қаржылық сипатты айрықша құқықтық мәртебесі бар экономикалық субъект - мемлекеттік монетарлық биліктің басты органы болып табылады;

8. Қазақстан Республикасының банк жүйесі, оның ұйымдастырылу нысандары мен басқа да мән-жайлары Қазақстан Республикасы Конституциясымен, ҚР банктік заңнамалық актілерімен, қатысы бар өзге де заңнамалық актілермен, сондай-ақ Қазақстан Ұлттық Банкінің заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерімен регламенттелінеді;

9. Банк жүйесі мемлекеттің экономикалық саясатын іске асыруға айтарлықтай септігін тигізеді және дүниежүзілік экономика аясындағы халықаралық банк жүйесімен өзара тиімді қарым – қатынас механизмін құрады;

10. Банк жүйесі мемлекеттік меншікті реформалауға, баға тұрақтылығын және ұлттық валюта тұрақтылығын қамтамасыз етуге септігін тигізеді, сондай-ақ инфляцияны төмендетуді білдіреді.

Бүгінде нарықтық талаптарға және халықаралық банктік стандарт ережелеріне сай жетілдірілген Қазақстан Республикасының банк жүйесіндегі барлық банктер бірыңғай кредиттік-қаржылық механизм ауқымында өзара іс-әрекеттері мен өздеріне тиесілі кәсіби қызметінің, экономикалық-қаржылық банктік операцияларын жүзеге асыруда.

Әдебиеттер:

1. Найманбаев С.М. «Банктік құқық», Алматы Жеті Жарғы, 2005ж.
2. А.Аралбаева Қазақстанның Ұлттық Банкі қызметі аясындағы банктік-құқықтық қатынастар// Заң және заман
3. «ҚР-сындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР заңы 31.08.1995ж.